



«БЕКІТЕМІН»

«Дарын» РҒПО директоры
Ғ.Тұрсынов
2026 ж.

Жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары арасында республикалық «Ілияс Жансүгіров оқулары» байқауының ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ережелері

Осы ережелер жалпы білім беретін мектеп оқушылар арасында өткізілетін республикалық «Ілияс Жансүгіров оқуларының» мәртебесін, мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастыру, әдістемелік қызметін жүзеге асыру, байқауды өткізу мен қаржыландыру тәртібін, оқушылардың қатысуын және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау тәртібін айқындайды.

1.1. **Байқаудың ұйымдастырушылары** – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО), Жетісу облысы білім басқармасы, «Жетісу дарыны» облыстық дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау оқу-әдістемелік орталығы.

1.2. **Байқаудың мақсаты** – мектеп оқушылар арасында Ілияс Жансүгіров шығармаларын насихаттау, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, тума талант, табиғи дарындыларын анықтау.

1.3. **Байқаудың міндеттері:**

- жас ақындарға әлеуметтік-рухани қолдау көрсетіп, шығармашылық жұмыс түрлерін жандандыру;

- Ілиястың лирикалық, эпикалық, прозалық, драмалық шығармаларымен және фольклорлық, ғылыми-публицистикалық зерттеулерімен танысып, ол туралы өз ой-пікірлерін ғылыми тұрғыда жеткізе білуге дағдыландыру.

- жас буынның тарихи танымдарын, азаматтыққа бағдарланған дүниетанымдары мен сана-сезімдерін, өмірлік айқындамаларын қалыптастыру.

II. Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларының қатысушылары

2.1. Ілияс Жансүгіров оқуларының республикалық кезеңіне облыстық байқаудан жеңіп шыққан 8-11 сынып оқушылары қатысады.

2.2. Әрбір облыстан, Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан әр номинация бойынша **1 (бір) оқушы, барлығы 5 (бес) үміткер**

ұсынылады. Жалпы республикалық кезеңге – 120 оқушы қатысады (№1 қосымша).

Ескерту: алдыңғы республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларында кез келген бағыт бойынша «Бас жүлде» иегерлері ағымдағы жылғы байқауға қатыса алмайды.

2.3. Ілияс Жансүгіров оқуларының республикалық кезеңіне сұраныстар а.ж. 21 сәуірге дейін 7su.daryn@gmail.com электрондық поштасына ресми хатпен қабылданады (№2 қосымша).

2.4. Оқулардың республикалық кезеңі жылына бір рет мемлекеттік тілде өткізіледі және оны ұйымдастырушы тағайындайды. Өткізу мерзімі ақпараттық хатта беріледі.

III. Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларын өткізу тәртібі

3.1. Ілияс Жансүгіров оқуларына қатысатын оқушы поэзияны сүйетін, талдай білетін, ғылыми жұмысқа бейімі бар, өлеңді мәнерлеп, көркем оқи алатын, ақындық қабілеті бар болуы шарт.

Қатысушы жыр Құлагері атанған Ілиястың өмірбаянын, әр жанрдағы шығармаларын жақсы білуі тиіс және кез-келген өлеңін, прозалық, драмалық шығармаларын теориялық тұрғыдан да талдай білуі қажет. Сонымен бірге, талапкер өз шығармашылық қабілетін танытуы керек.

3.2. Ілияс Жансүгіров оқулары 5 (бес) бағыт бойынша өткізіледі.

1. «Ілияс - эпик ақын» - шығарманы жалғастыру номинациясы.

Қатысушылар Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасын кезекпен жалғастырады. Қатысушылар поэманы толық жатқа білуі керек.

Жұптар жеребе арқылы таңдалады, 2- 4 оқушыдан тұрады(қазылар алқасы шешеді). Поэманы қай бөлімнен бастау және жалғастыру ретін қазылар алқасы таңдайды.Топтан үздік шыққан 1 қатысушы сайысты жалғастырады және оның келесі қарсыласын қазылар алқасы белгілейді.

Бағалау критерийлері:

- поэманы мүдірмей жатқа айтуы (10 ұпай);
- мәнерлеп оқуы(10 ұпай);
- тіл тазалығы (10 ұпай);
- сахна мәдениеті (10 ұпай).

2. «Жаз! Жаз! Қалам, жорғалап» - жас ақындар номинациясы.

Қатысушылар ұсынылған тақырыптардың біреуін таңдап, 90 минут ішінде 4 шумақтан кем емес өлең жазады (тақырыптар байқау кезінде беріледі). Жазған өлеңін қазылар алқасының алдында мәнерлеп оқиды.

Бағалау критерийлері:

- ерекше ұйқасы мен құрылымы (10 ұпай);
- өзіндік идеясы мен ой тереңдігі (10 ұпай);
- тақырыптың ашылуы (10 ұпай);
- мәнерлеп оқуы (10 ұпай).

3. «Илияс – қарасөз шебері» - көркемсөз оқу номинациясы.

Қатысушы Илияс Жансүгіровтің прозалық немесе драмалық шығармаларынан үзінді мәнерлеп оқиды (монолог диалог т.б.) Әр қатысушыға 5 -7 минут беріледі.

Бағалау критерийлері:

- көркем мәтінді оқу шеберлігі (10 ұпай);
- дауыс мәнері және тіл тазалығы(10 ұпай);
- көркем мәтінді таңдау талғамына (10 ұпай);
- сахна мәдениеті (10 ұпай).

4. «Сұлу сөздің сұлейі» - шығарманың көркемдік құрылысын талдау номинациясы.

Қатысушы қазылар алқасы ұсынған І.Жансүгіров өлеңдерінің біреуін таңдап алып, композициялық құрылысын, көркемдегіш құралдарды тауып, жазбаша талдайды (теңеу, эпитет, өлең құрылысы т.б.). Талдауды ауызша түсіндіреді. Дайындалу – 5 минут, талдау – 3 минут. Талданатын өлеңдер тізімі алдын ала қосымшада беріледі.

Ескерту: қатысушының әдебиет теориясы бойынша дайындығы болу керек.

Бағалау критерийлері:

- өлең құрылысын талдауы(10 ұпай);
- бейнелеу құралдарын табуы(10 ұпай);
- әдебиет теориясынан сауаттылығы(10 ұпай);
- ой жүйелілігі, тіл тазалығы (10 ұпай).

5. «Заманның заңғар тұлғасы» - буктрейлерлер номинациясы.

Буктрейлерлер І. Жансүгіровтің тек бір шығармасына арналу керек.

Номинация бойынша бейнероликтер, аралас электрондық ресурстар қабылданады. Жұмысты көрсетілген компьютерлік бағдарламада (Inshot, bandicam, sарcut, канва және т.б.) жасауға болады. Буктрейлер кез келген жанрда жоғары сапалық коэффициентімен жасалуы мүмкін: мультфильм, анимация, ойын ролигі, қысқа метражды фильм, бейнефильм, жарнамалық ролик, компьютерлік графика, бейнеклип, музыкалық клип және т.б. Бейнесюжеттер дыбыс жолымен немесе титрлермен сүйемелденуі мүмкін. Буктрейлер ұзақтығы – 3 минутқа дейін. Буктрейлерде шығарма мен шығарма авторы міндетті түрде аталуы керек. Жұмыс YouTube каналына жүктеліп, сілтемесі жіберілетін өтінішке жазылады.

Ескерту:

- қатысушының өзін таныстыруы, жұмысына сипаттама беруі қажет емес, тек қазылар алқасының сұрақтарына жауап береді;
- буктрейлер - кез келген еркін немесе көркем формадағы кітап туралы баяндайтын қысқа бейне. Бұл бейнематериалдардың мақсаты – кітапты

(шығарманы) жарнамалау және кинотрейлерлерге тән көрнекі құралдарды пайдаланып, кітапқа назар аудара отырып, оқуды насихаттау.

Бағалау критерийлері:

- ақпараттылық, тақырыптың толық ашылуы (10 ұпай);
- жұмыстың мазмұны мен формасының өзіндік ерекшелігі (10 ұпай);
- жұмысты орындаудың техникалық күрделілігі (10 ұпай);
- буктрейлер жасауға шығармашылық көзқарас (10 ұпай);
- безендіру эстетикасы және дизайн (10 ұпай);
- бейнеқатарды, дыбыстық сүйемелдеуді және кітап мазмұнын үйлестірудің органикалығы (10 ұпай));
- эмоционалдық әсер (10 ұпай)).

IV. Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларының ұйымдастыру комитеті

4.1. Байқауды дайындау мен өткізу бойынша жұмысты координациялау және жүзеге асыру үшін облыстық ұйымдастыру комитеті құрылады.

4.2. Ұйымдастыру комитеті жыл сайын қорытынды кезеңін өткізілу мерзімі мен өтетін орнын анықтайды, қазылар алқасының құрамын, байқаудың қорытынды кезеңін өткізу бағдарламасын, қатысушы-топтардың тізімін бекітеді, қорытындысын шығарады және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

4.3. Байқауды өткізудің жалпы тәртібін белгілейді, тікелей басшылық жасауды жүзеге асырады, байқаудың қорытындыларына талдау жасайды және жинақтап қорытады, іс - шаралардың материалдарын баспасөзде жариялайды.

4.4. Байқауға ұсынылған жұмыстар рецензияланбайды және қайтарылмайды. Апелляция қарастырылмайды.

4.5. Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, «Жетісу дарыны» облыстық дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау оқу – әдістемелік орталығы» КММ, Әлімжанов көшесі, 20 үй (№27 орта мектеп-гимназиясының ғимараты).

Байланыс телефондары: 8(7282)401147, 87052770561, электрондық поштасы: 7su.daryn@gmail.com.

V. Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларының қазылар алқасы

5.1. Қазылар алқасының құрамы төрағадан, хатшыдан, алқа мүшелерінен және хатшыдан тұрады. Қазылар алқасының төрағасы мен құрамын республикалық ұйымдастыру комитетімен келісіліп Жетісу облысы білім басқармасының басшысымен бекітіледі.

5.2. Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларының қазылар алқасы:

- қатысушылардың өнеріне талдау жасайды және балдық жүйемен бағалайды;

- қатысушылардың өнерін бағалаудағы даулы мәселелерді талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;
- жеңімпаздарды анықтайды және жүлделі орындарды белгілейді;
- Жетісу облысы білім басқармасына байқаудың қорытындысы бойынша есеп береді.

VI. Қаржыландыру

6.1. Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларының мектепішілік, аудандық (қалалық), облыстық кезеңдерін қаржыландыруды тиісті білім мекемелері жүзеге асырады.

6.2. Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларына қатысушылардың тамақтануы, орналасуы (жатын орын) жергілікті ұйымдастырушы есебінен қарастырылады.

6.3. Қатысушылардың Жетісу облысы Талдықорған қаласына келу және қайту жолдағы шығындары, сонымен қатар жетекшілердің жол ақысы, тамақтануы, орналасуы жіберіп отырған мекемелері көтереді.

6.4. Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларының қатысушыларын марапаттау мен бағалы сыйлықтар алу байланысты шығындары Жетісу облысының білім басқармасының есебінен қарастырылады.

VII. Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларының жұмысын қорытындылау және қатысушыларды марапаттау

7.1. Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларының ашылуы және қатысушыларды марапаттау рәсімі салтанатты түрде өткізіледі.

7.2. Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларының жеңімпаздары мен жүлдегерлері қатысушылардың жалпы санынан 45 % белгіленіп, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі «Дарын» РҒПО-ның I, II, III дәрежелі диплом, грамоталарымен және ұйымдастырушылар тарапынан ақшалай сертификаттар немесе бағалы сыйлықтармен марапатталады. Сондай-ақ барлық қатысушыларға қатысқаны үшін сертификаттар беріледі.

**Жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары арасында
республикалық «Ілияс Жансүгіров оқулары» байқауының
қатысушылар саны**

№	Облыс, қала, республикалық білім беру ұйымдарының атауы	Ережеге сәйкес қатысушылар саны
1.	Абай	5
2.	Ақмола	5
3.	Ақтөбе	5
4.	Алматы	5
5.	Атырау	5
6.	ШҚО	5
7.	Жамбыл	5
8.	Жетісу	5
9.	БҚО	5
10.	Қарағанды	5
11.	Қостанай	5
12.	Қызылорда	5
13.	Маңғыстау	5
14.	Павлодар	5
15.	СҚО	5
16.	Түркістан	5
17.	Ұлытау	5
18.	Астана қаласы	5
19.	Алматы қаласы	5
20.	Шымкент қаласы	5
21.	«НЗМ» ДББҰ	5
22.	«РФММ» КеАҚ Алматы қаласы	5
23.	«РФММ» КеФҚ Астана қаласы	5
24.	Абай ат. РММИ	5
	Барлығы	120

**Жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында республикалық
«Ілияс Жансүгіров оқулары» байқауына сұраныс**

№	Оқушының аты-жөні (төл құжаты бойынша)	Ауданы/ қаласы, облысы	Мектебі, сыныбы	Бағыты	Дайындаған жетекшінің аты-жөні, байланыс телефоны	Топты алып жүретін жетекшінің аты-жөні, байланыс телефоны
1.						
2.						
3.						

**Республикалық «Ілияс оқулары» байқауының қатысушыларына
«Сұлу сөздің сүлейі» - шығарманың көркемдік құрылысын талдау
номинациясы бойынша Ұсынылатын шығармалар тізімі:**

- | | |
|----------------------------|-------------------------|
| 1. «Біздікі» | 21. «Алатау» |
| 2. «Толғау» | 22. «Кім десем» |
| 3. «Жаңа дала» | 23. «Игілік» (I,II,III) |
| 4. «Алатау» | 24. «Таң» |
| 5. «Айдаушы» | 25. «Сәлемдеме» |
| 6. «Сүйгендіктен мен сені» | |
| 7. «Орақ науқаны» | |
| 8. «Жастар» | |
| 9. «Жетісуда су суреті» | |
| 10. «Тағы соған» | |
| 11. «Түс » | |
| 12. «Заман» | |
| 13. «Күн шыққанда» | |
| 14. «Ұйқыма» | |
| 15. «Кім үшін?» | |
| 16. «Көлге» | |
| 17. «Жауын» | |
| 18. «Өтініш» | |
| 19. «Күнгей» | |
| 20. «Қазақ қазынасы» | |